

Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды растау және (немесе) растамау туралы қорытындының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 346 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 4 маусымда № 18785 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 7 маусымдағы № 281 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.06.2021 № 281 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5-8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды растау және (немесе) растамау туралы қорытындының нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Р. Склад

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы " " № бұйрығына
қосымша
Нысан

Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды растау және (немесе) растамау туралы қорытынды

_____ қаласы 20__ жылғы " __ " _____ № _____

Қорытындыны жасау күні, уақыты және орны _____

Мемлекеттік органның атауы _____

Бақылау объектісінің (объектісінің) атауы (ЖСН, БСН көрсете отырып) _____

бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша

анықталған бұзушылықтарды қоса берілген хабарламаның №, күні

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша

анықталған бұзушылықтар тізбесі _____

Зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушіге және (немесе) өткізушіге хабарламаны табыстау туралы белгі

(қолма-қол, электрондық түрде, пошта арқылы) Зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің хабарламаны орындауы туралы есептің №, күні

Зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің хабарламаны орындауы туралы ұсынылған есепті талдау нәтижелері _____

(бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды растау және (немесе) растамау туралы мәліметтер)

Зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушіге және (немесе) өткізушіге қатысты бақылау

субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды тағайындау туралы белгі

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды өткізілген

(жүргізілген) лауазымды тұлғалар _____

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік бақылау бойынша бас мемлекеттік

Инспектор (бас мемлекеттік инспектордың

орынбасары) _____

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Осы қорытындымен таныстым және

нұсқаманың бір көшірмесін алдым

20__ жылғы " ____ " _____

_____ тексерілетін субъектінің өкілетті _____ қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

өкілінің лауазымы

Бақылау және қадағалау субъектісі өкілінің (заңды тұлғаның басшысы немесе оның уәкілетті

адамы, жеке тұлға), сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектіге) бармай

профилактикалық бақылау және қадағалауды жүргізе кезінде қатысқан

адамдар қорытындысымен танысудан бас тарту туралы мәліметтер
